

Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы

2023 жылғы 10 ақпан

Қатысушылар: Нұғыманов С.Б.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Искаков Б.М.

Қамқоршылық кеңес мүшелері, мектеп әкімшілігі.

Күн тәртібі

1. 2022-2023 оқу жылындағы мектеп жұмысын ұйымдастыру (мектеп бюджеті) - Нұғыманов С.Б.
- 2.1 2022-2023 оқу жылындағы оқушылардың білім сапасы мен үлгерімінің қорытындысы – Сейдахметова Т.С.
- 2.2. 9-11 сыныптар аттестациясы мен ҰБТ қорытындысын өткізу – Сейдахметова Т.С.
3. Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады — Жұмағұлова Ш.А.
4. Күнделіктегі белсенділік мониторингі -Ниязбекова А.Ж.
5. 2022 - 2023 оқу жылына дайындық кезеңде мектепте жүргізілген ағымдағы жөндеу жұмыстары - Әнуаров С.Б.
6. Әлеуметтік педагогтың 1 жартыжылдықта атқарған жұмыстары туралы есебі – Карасаева Ж.И.
7. Тәрбие жұмысын талдау «Оқуға құштар мектеп» жобасы.

Жиналыс барысы

Тындаушылар

Бірінші мәлесе бойынша С.Б.Нұғыманов сөз сөйлеп, өз сөзінде мектептің өткен күнтізбелік жылдағы бюджетіне тоқталды. Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауы бойынша мектепке физика, химия, биология кабинеттерін жабдықтауға қаржы бөлінді. Шаруашылық қызметке қажетті кеңсе тауарлары мен қаражат сатып алынды. Сондай-ақ, қаржыландырудың бір бөлігі мектептің бейнебақылау жүйесін жаңғыртуға және т.б. бөлінді.